«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы № 1

Өткізілген күні: 30 қыркүйек 2025ж
Қатысқандар: 10

Күн тәртібі:
1. Ағымдағы айға арналған жұмыс жоспарын қарау және бекіту.
2. Кадрлармен қамтамасыз ету және жасақтау туралы ақпарат.
3. Тәрбиеленушілердің үйлесімді тамақтануын ұйымдастыруды бақылау жоспарын бекіту.
4. Төтенше жағдайларда эвакуациялау жоспарына нұсқама беру және тәжірибеде пысықтау.
5. Өткен айда тәрбиеленушілер арасындағы сырқаттанушылық деңгейін талдау.

Тыңдалды:
1-мәселе бойынша: Меңгеруші Ж.М Сапарбаева ағымдағы айға арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоспарға енгізілген негізгі іс-шаралар, педагогикалық және әдістемелік жұмыстар, олардың орындалу мерзімдері мен жауапты қызметкерлері талқыланды.
2-мәселе бойынша: Меңгеруші Ж.М Сапарбаева мектепке дейінгі ұйымның кадрлармен қамтамасыз етілуі туралы ақпарат берді. Қызметкерлердің штаттық құрамы, мамандардың біліктілігі, жұмысқа орналасуы және кадрлық құжаттардың жүргізілуі қарастырылды.
3-мәселе бойынша: Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина тәрбиеленушілердің үйлесімді тамақтануын ұйымдастыру мәселесіне тоқталды. Ас мәзірінің орындалуы, тағам сапасы, азық-түліктің сақталуы және санитарлық талаптардың сақталуы туралы баяндады. Тамақтануды бақылау жоспары ұсынылды.
4-мәселе бойынша: Меңгеруші Ж.М Сапарбаева төтенше жағдай кезіндегі эвакуация тәртібі туралы түсіндірді. Қызметкерлерге эвакуация жоспары таныстырылып, балаларды қауіпсіз жерге шығару жолдары мен жауапты қызметкерлердің міндеттері түсіндірілді. Практикалық жаттығу өткізу қажеттігі айтылды.
5-мәселе бойынша: Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина өткен айдағы тәрбиеленушілер арасындағы сырқаттанушылық деңгейіне талдау жасады. Жиі кездесетін ауру түрлері, аурудың алдын алу, балалардың денсаулығын нығайту және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау мәселелері қарастырылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ағымдағы айға арналған жұмыс жоспары бекітілсін. Жоспарланған іс-шаралардың уақытылы және сапалы орындалуы қамтамасыз етілсін.
2. Кадрлармен қамтамасыз ету және жасақтау мәселесі бақылауға алынсын. Қызметкерлердің еңбек тәртібі мен міндеттерін орындауы қадағалансын.
3. Тәрбиеленушілердің үйлесімді тамақтануын ұйымдастыру бойынша бақылау жоспары бекітілсін. Ас мәзірінің орындалуы мен тағам сапасы тұрақты тексерілсін.
4. Төтенше жағдайларда эвакуациялау бойынша барлық қызметкерлерге нұсқама беріліп, практикалық жаттығу өткізілсін.
5. Өткен айдағы сырқаттанушылық көрсеткіштері назарға алынсын. Жұқпалы аурулардың алдын алу және балалардың денсаулығын сақтау жұмыстары күшейтілсін.
6. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

Меңгеруші: _____Ж.М Сапарбаева
Хатшы: _____Ж.К Шортанова

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы № 2

Өткізілген күні: 30 қазан 2025ж
Қатысқандар: 10

Күн тәртібі:

1. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру, көпбалалы отбасылардан шыққан тәрбиеленушілердің есебін жүргізу.
2. Мектепке дейінгі ұйымда баланы бағу үшін ата-анадан төлемнің уақтылы және дұрыс төленуін бақылау.
3. Сыйлық алу тәртібі, оны алуға болмайтыны, сондай-ақ парақорлық пен делдалдық үшін жауапкершілікке тартылатыны туралы хабардар ету.
4. Мектепке дейінгі ұйымды күзгі-қысқы кезеңге дайындау жөніндегі іс-шаралар.
5. Жиһазды таңбалаудың санитарлық және техникалық талаптарға сәйкестігін тексеру.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Меңгеруші Ж.М Сапарбаева ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру және көпбалалы отбасылардан шыққан тәрбиеленушілердің есебін жүргізу туралы баяндады. Отбасылардың әлеуметтік жағдайын анықтау, қажетті құжаттарды жинақтау және ата-аналармен тығыз байланыс орнату мәселелері қарастырылды.

2-мәселе бойынша: Меңгеруші Ж.М Сапарбаева ата-аналардың баланы бағу үшін төленетін төлемдерінің уақытылы және дұрыс жүргізілуі туралы түсіндірді. Төлем құжаттарын рәсімдеу, берешектердің алдын алу және ата-аналарға төлем тәртібін түсіндіру қажеттігі айтылды.

3-мәселе бойынша: МеңгерушіЖ.М Сапарбаева қызметкерлерге сыйлық алу тәртібі, заңсыз сыйақы алуға жол бермеу, пара беру және парақорлыққа делдалдық жасау үшін заңнамада көзделген жауапкершілік туралы түсіндірді. Әр қызметкердің қызметтік әдепті сақтауы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды орындауы қажеттігі ескертілді.

4-мәселе бойынша: Әдіскер А.С Карибаева мектепке дейінгі ұйымды күзгі-қысқы кезеңге дайындау жұмыстары туралы баяндады. Жылу жүйесінің жағдайы, терезелер мен есіктердің бүтіндігі, ғимараттың жылылығын сақтау, аула аумағын қар мен мұздан тазалау мәселелері қарастырылды.

5-мәселе бойынша: Әдіскер А.С Карибаева топтардағы жиһаздардың таңбалану жағдайына талдау жасады. Үстелдер мен орындықтардың балалардың бой ерекшеліктеріне сәйкестігі, таңбалардың болуы,

жиһаздардың дұрыс орналасуы және санитарлық талаптарға сай болуы тексерілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Көпбалалы отбасылардан шыққан тәрбиеленушілердің есебі жүргізіліп, ата-аналармен байланыс жұмыстары жүйелі ұйымдастырылсын.
2. Ата-аналардың төлемдері уақытылы және дұрыс жүргізіліп, төлем құжаттарының рәсімделуі бақылауға алынсын.
3. Қызметкерлерге сыйлық алу, пара беру және парақорлыққа делдалдық жасауға қатысты заң талаптары түсіндірілсін. Сыбайлас жемқорлыққа жол берілмесін.
4. Мектепке дейінгі ұйымның күзгі-қысқы кезеңге дайындығы қамтамасыз етілсін. Жылу жүйесі мен ғимараттың қауіпсіздігі тексерілсін.
5. Топтардағы жиһаздардың таңбалануы санитарлық және техникалық талаптарға сәйкестендірілсін.
6. Балалардың жас және бой ерекшеліктеріне сәйкес жиһаздардың дұрыс орналастырылуы қамтамасыз етілсін.
7. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

Меңгеруші: _____Ж.М Сапарбаева
Хатшы: _____Ж.К Шортанова

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы № 3

Өткізілген күні: 28 қараша 2025ж
Қатысқандар: 10

Күн тәртібі:
1. Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйін талдау.
2. Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтауын бақылау.
3. Мектепке дейінгі ұйымдағы санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын бағалау.
4. Тәрбиеленушілердің үйлесімді тамақтану сапасын ұйымдастыру және бақылау.

Тыңдалды:
1-мәселе бойынша: Меңгеруші Ж.М Сапарбаева жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау талаптарының орындалуы туралы баяндады. Қызметкерлердің қауіпсіз еңбек етуіне қажетті жағдайлар, жұмыс құралдарының жарамдылығы, электр жабдықтарын пайдалану және қауіпсіздік ережелерін сақтау мәселелері қарастырылды. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізу қажеттігі айтылды.
2-мәселе бойынша: Меңгеруші Ж.М Сапарбаева қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібін сақтауына тоқталды. Жұмысқа уақытылы келу, жұмыс уақытын тиімді пайдалану, лауазымдық міндеттерді орындау, еңбек тәртібі мен қызметтік әдеп нормаларын сақтау мәселелері талқыланды.
3-мәселе бойынша: Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина мектепке дейінгі ұйымдағы санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуы туралы ақпарат берді. Топ бөлмелерінің тазалығы, күнделікті желдетілуі, ылғалды тазалау, ойыншықтарды өңдеу, дезинфекциялау жұмыстары және жеке бас гигиенасы талаптарының сақталуы қарастырылды.
4-мәселе бойынша: Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина тәрбиеленушілердің үйлесімді тамақтануын ұйымдастыру және оның сапасын бақылау туралы баяндады. Ас мәзірінің орындалуы, тағамның сапасы мен құнарлылығы, азық-түліктің сақталуы, дайын тағамның берілу тәртібі қарастырылды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету қажеттігі атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:
1. Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау талаптарының сақталуы қамтамасыз етілсін. Қауіпсіздік ережелерінің орындалуы тұрақты бақылауға алынсын.

2. Қызметкерлер ішкі еңбек тәртібінің ережелерін қатаң сақтап, өздеріне жүктелген міндеттерді уақытылы әрі сапалы орындасын.
3. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуы қамтамасыз етіліп, топ бөлмелерінің тазалығы мен желдетілуі күнделікті қадағалансын.
4. Тәрбиеленушілердің үйлесімді тамақтануы ұйымдастырылып, ас мәзірінің орындалуы мен тағам сапасы тұрақты бақылауда ұсталсын.
5. Азық-түліктің сақталуы, дайындалуы және балаларға уақытылы берілуі санитарлық талаптарға сәйкес жүргізілсін.
6. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен медицина қызметкеріне жүктелсін.

Меңгеруші: _____Ж.М Сапарбаева
Хатшы: _____Ж.К Шортанова

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы № 4

Өткізілген күні: 23 желтоқсан 2025ж
Қатысқандар: 10

Күн тәртібі:
1. Мектепке дейінгі ұйымдағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары және жай-күйі туралы.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктерді өткізу кестесін бекіту.
3. Қызметкерлердің демалыс кестесін құру және келісу.
4. Тоқсан ішінде тәрбиеленушілер мен қызметкерлер арасындағы сырқаттанушылық деңгейін талдау.

Тыңдалды:
1-мәселе бойынша: Меңгеруші Ж.М Сапарбаева мектепке дейінгі ұйымдағы өрт қауіпсіздігінің жай-күйі туралы баяндады. Өрт сөндіру құралдарының жарамдылығы, эвакуациялық шығу жолдарының ашық болуы, электр құралдарын қауіпсіз пайдалану және өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы қарастырылды. Қызметкерлерге төтенше жағдай кезіндегі әрекеттерді білу қажеттігі ескертілді.
2-мәселе бойынша: Әдіскер А.С Карибаева Жаңа жылдық ертеңгіліктерді өткізу кестесін таныстырды. Мерекелік іс-шаралардың өткізілу уақыты, топтардың кезектілігі, сценарийлерді дайындау, балалардың ән, би, тақпақтарын жаттау және залды безендіру жұмыстары талқыланды.
3-мәселе бойынша: Меңгеруші Ж.М Сапарбаева қызметкерлердің еңбек демалысы кестесін құру және келісу мәселесін қарастырды. Қызметкерлердің демалыс мерзімдері, жұмыс барысының үздіксіздігі және демалыс кестесін еңбек заңнамасына сәйкес жоспарлау қажеттігі айтылды.
4-мәселе бойынша: Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина тоқсан ішіндегі тәрбиеленушілер мен қызметкерлер арасындағы сырқаттанушылық деңгейіне талдау жасады. Жиі кездесетін ауру түрлері, сырқаттанушылық көрсеткіштері, аурудың алдын алу және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау мәселелері қарастырылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:
1. Мектепке дейінгі ұйымдағы өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы қамтамасыз етілсін. Өрт сөндіру құралдары мен эвакуациялық шығу жолдары тұрақты тексерілсін.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктерді өткізу кестесі бекітілсін. Мерекелік іс-шаралардың сапалы әрі қауіпсіз ұйымдастырылуы қамтамасыз етілсін.

3. Қызметкерлердің еңбек демалысы кестесі жасалып, келісу және бекітуге ұсынылсын.
4. Тоқсан ішіндегі тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің сырқаттанушылық көрсеткіштері назарға алынсын.
5. Жұқпалы аурулардың алдын алу, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау және балалардың денсаулығын нығайту жұмыстары күшейтілсін.
6. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

Меңгеруші: _____Ж.М Сапарбаева
Хатшы: _____Ж.К Шортанова

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы № 5

Өткізілген күні: 29 қаңтар 2026ж
Қатысқандар: 10

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі ұйымның іс номенклатурасын қарау және бекіту.
2. Топтардағы педагогикалық және әкімшілік құжаттаманы жүргізу жағдайын талдау.
3. 2025 жыл қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайына шолу.
4. Мектепке дейінгі ұйымның оқу жылының I жартыжылдығындағы жұмысының қорытындысын шығару.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Меңгеруші Ж.М Сапарбаева мектепке дейінгі ұйымның іс номенклатурасын қарау және бекіту туралы баяндады. Құжаттардың дұрыс жүйеленуі, тіркелуі, сақталуы және белгіленген мерзімде мұрағатқа тапсырылуы қарастырылды. Іс номенклатурасын жүргізуде жауапты қызметкерлердің міндеттері түсіндірілді.

2-мәселе бойынша: Әдіскер А.С Карибаева топтардағы педагогикалық және әкімшілік құжаттамалардың жүргізілу жағдайына талдау жасады. Тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары, циклограммалары, балалардың даму мониторингі, қатысу журналдары және басқа да қажетті құжаттардың талапқа сай рәсімделуі қарастырылды. Құжаттарды уақытылы, сауатты және жүйелі жүргізу қажеттігі ескертілді.

3-мәселе бойынша: Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина 2025 жылдың қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайына шолу жасады. Балалардың сырқаттанушылық көрсеткіштері, жиі кездесетін ауру түрлері, денсаулықты нығайту және аурудың алдын алу шаралары туралы баяндады. Сонымен қатар күн тәртібін сақтау, шынықтыру, дұрыс тамақтану және санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау мәселелері талқыланды.

4-мәселе бойынша: Әдіскер А.С Карибаева мектепке дейінгі ұйымның оқу жылының I жартыжылдығында атқарған жұмыстарына қорытынды жасады. Жылдық міндеттердің орындалуы, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапасы, тәрбиеленушілердің даму көрсеткіштері, педагогтердің кәсіби жұмыстары және ата-аналармен жүргізілген іс-шаралар талданды. Жұмыстағы жетістіктер мен алдағы уақытта жетілдіруді қажет ететін бағыттар атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Мектепке дейінгі ұйымның іс номенклатурасы қаралып, бекітілсін. Құжаттардың уақытылы рәсімделуі мен сақталуы қамтамасыз етілсін.
2. Топтардағы педагогикалық және әкімшілік құжаттамалардың жүргізілу сапасы жақсартылсын. Анықталған кемшіліктер түзетілсін.
3. Педагогтер құжаттарды белгіленген талаптарға сәйкес сауатты және жүйелі жүргізсін.
4. 2025 жыл қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы назарға алынсын. Аурудың алдын алу және сауықтыру шаралары жалғастырылсын.
5. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында шынықтыру, дене шынықтыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
6. Оқу жылының I жартыжылдығындағы жұмыс қорытындылары назарға алынсын.
7. II жартыжылдықта білім беру мен тәрбие жұмыстарының сапасын арттыру, балалардың жеке қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстар күшейтілсін.
8. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

Меңгеруші: _____Ж.М Сапарбаева
Хатшы: _____Ж.К Шортанова

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы № 6

Өткізілген күні: 27 ақпан 2026ж
Қатысқандар: 10

Күн тәртібі:
1. Мектепке дейінгі ұйымдағы санитарлық-эпидемиологиялық режимнің жай-күйі туралы.
2. Кешенді талдау: бір айдағы аурушаңдық деңгейі, тамақтанудың табиғи нормаларын орындау, ЖРВИ, тұмау және жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары.
3. Наурыз мерекелеріне орайластырылған салтанатты іс-шараларға дайындық туралы.

Тыңдалды:
1-мәселе бойынша: Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина мектепке дейінгі ұйымдағы санитарлық-эпидемиологиялық режимнің сақталу жағдайы туралы баяндады. Топ бөлмелерінің тазалығы, күнделікті ылғалды тазалау, бөлмелерді желдету, ойыншықтарды өңдеу және дезинфекциялау жұмыстары қарастырылды. Қызметкерлердің жеке гигиена талаптарын сақтауы мен балалардың денсаулығын күнделікті бақылау қажеттігі айтылды.
2-мәселе бойынша: Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина бір айдағы балалар арасындағы аурушаңдық деңгейіне кешенді талдау жасады. ЖРВИ, тұмау және басқа да жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу жолдары қарастырылды. Сонымен қатар балалардың табиғи тамақтану нормаларының орындалуы, ас мәзірінің сәйкестігі, тағамның сапасы мен құнарлылығы талданды. Ауру белгілері байқалған балаларды уақытылы анықтау, ата-аналармен байланыс орнату және профилактикалық шараларды күшейту қажеттігі атап өтілді.
3-мәселе бойынша: Әдіскер А.С Карибаева Наурыз мерекесіне орай өткізілетін салтанатты іс-шараларға дайындық барысы туралы баяндады. Мерекелік бағдарламалар мен сценарийлерді әзірлеу, балалардың ән, би, тақпақтарын дайындау, ұлттық ойындарды ұйымдастыру және мерекелік залды безендіру жұмыстары талқыланды. Іс-шараларды ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу бағытында мазмұнды өткізу қажеттігі айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:
1. Мектепке дейінгі ұйымдағы санитарлық-эпидемиологиялық режимнің сақталуы тұрақты бақылауға алынсын.
2. Топ бөлмелерінде тазалық, желдету және дезинфекция жұмыстары күнделікті жүргізілсін.

3. Бір айдағы аурушаңдық көрсеткіштері назарға алынып, ЖРВИ, тұмау және жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары күшейтілсін.
4. Балалардың табиғи тамақтану нормаларының орындалуы, ас мәзірінің сапасы мен тағам құнарлылығы тұрақты бақылауға алынсын.
5. Балалардың денсаулығын сақтау мақсатында профилактикалық және сауықтыру шаралары жүйелі ұйымдастырылсын.
6. Наурыз мерекелеріне арналған салтанатты іс-шаралардың жоспары бекітіліп, дайындық жұмыстары уақытылы аяқталсын.
7. Мерекелік іс-шараларда ұлттық салт-дәстүрлер мен халықтық құндылықтарды насихаттауға ерекше көңіл бөлінсін.
8. Іс-шараларды өткізу кезінде балалардың өмірі мен қауіпсіздігі толық қамтамасыз етілсін.
9. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

Меңгеруші: _____Ж.М Сапарбаева
Хатшы: _____Ж.К Шортанова

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы № 7

Өткізілген күні: 30 наурыз 2026ж
Қатысқандар: 10

Күн тәртібі:
1. Балалар арасында және өндірістік жарақаттанудың алдын алу жөніндегі комиссияның қызметі туралы.
2. Педагогикалық қызметкерлердің білім беру қызметін жоспарлау сапасын талдау.
3. Қызметкерлерді мерзімді медициналық тексеруді ұйымдастыру және жүргізу.
4. Есепті тоқсандағы тәрбиеленушілер мен қызметкерлер арасындағы сырқаттанушылықты талдау.

Тыңдалды:
1-мәселе бойынша: Меңгеруші Ж.М Сапарбаева балалар арасында және өндірістік жарақаттанудың алдын алу жөніндегі комиссияның жұмысы туралы баяндады. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, топ бөлмелеріндегі, ойын алаңдарындағы құрал-жабдықтардың қауіпсіздігін тексеру, қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтауы қарастырылды. Жарақаттанудың алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізу және қауіпсіздік талаптарын тұрақты бақылау қажеттігі айтылды.
2-мәселе бойынша: Әдіскер А.С Карибаева педагогикалық қызметкерлердің білім беру қызметін жоспарлау сапасына талдау жасады. Тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары мен циклограммаларының жүргізілуі, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің мазмұны, балалардың жас және жеке ерекшеліктерінің ескерілуі қарастырылды. Жоспарлау барысында тәрбиеленушілердің қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстарды тиімді ұйымдастыру қажеттігі атап өтілді.
3-мәселе бойынша: Меңгеруші Ж.М Сапарбаева қызметкерлерді мерзімді медициналық тексеруден өткізу мәселесіне тоқталды. Медициналық тексеруден өту мерзімдерін сақтау, қажетті құжаттарды рәсімдеу, қызметкерлердің денсаулық жағдайын бақылау және медициналық тексеруден уақытылы өтуін қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.
4-мәселе бойынша: Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина есепті тоқсандағы тәрбиеленушілер мен қызметкерлер арасындағы сырқаттанушылық жағдайына талдау жасады. Аурушаңдық көрсеткіштері, жиі кездесетін ауру түрлері, сырқаттанушылықтың алдын алу және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау мәселелері қарастырылды.

Балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру және профилактикалық шараларды жүйелі жүргізу қажеттігі айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Балалар арасында және өндірістік жарақаттанудың алдын алу жөніндегі комиссияның жұмысы жалғастырылсын. Қауіпсіздік талаптарының орындалуы тұрақты бақылауға алынсын.
2. Топ бөлмелеріндегі, ойын алаңдарындағы жиһаздар мен құрал-жабдықтардың қауіпсіздігі жүйелі тексерілсін.
3. Педагогтердің білім беру қызметін жоспарлау сапасы жақсартылып, перспективалық жоспарлар мен циклограммалардың талапқа сай жүргізілуі қамтамасыз етілсін.
4. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде балалардың жас ерекшеліктері, қызығушылықтары мен жеке қабілеттері ескерілсін.
5. Қызметкерлердің мерзімді медициналық тексеруден уақытылы өтуі ұйымдастырылып, тиісті құжаттардың жүргізілуі қамтамасыз етілсін.
6. Есепті тоқсандағы тәрбиеленушілер мен қызметкерлер арасындағы сырқаттанушылық көрсеткіштері назарға алынсын.
7. Жұқпалы аурулардың алдын алу, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау және балалардың денсаулығын нығайту шаралары күшейтілсін.
8. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

Меңгеруші: _____Ж.М Сапарбаева
Хатшы: _____Ж.К Шортанова

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы № 8

Өткізілген күні: 30 сәуір 2026ж
Қатысқандар: 10

Күн тәртібі:
1. Мектепке дейінгі ұйымда тамақтанудың табиғи нормаларын сақтауды талдау.
2. Білім беру ортасында санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды орындау туралы.
3. Тәрбиеленушілердің қозғалыс белсенділігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы.
4. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық бойынша іс-шаралар.

Тыңдалды:
1-мәселе бойынша: Меңгеруші Ж.М. Сапарбаева мектепке дейінгі ұйымда тамақтанудың табиғи нормаларының сақталуы туралы баяндады. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тамақтануды ұйымдастыру, бекітілген ас мәзірінің орындалуы, азық-түлік өнімдерінің сапасы мен жарамдылық мерзімін бақылау мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар тағамдардың құнарлылығы, балалардың дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету және ас блогындағы санитарлық талаптардың сақталуы туралы айтылды. Тамақтану нормаларының орындалуына тұрақты бақылау жүргізу қажеттігі атап өтілді.
2-мәселе бойынша: Медицина қызметкері Н.Н. Шушлебина білім беру ортасында санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуы туралы баяндады. Топ бөлмелерінің, жатын бөлмелерінің, санитарлық тораптардың және ас блогының тазалығы, бөлмелерді желдету, күнделікті ылғалды тазалау жұмыстарының жүргізілуі қарастырылды. Балаларды таңертеңгілік қабылдау кезінде денсаулық жағдайын бақылау, жеке бас гигиенасын сақтау және жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары туралы айтылды. Санитарлық талаптардың орындалуын күнделікті бақылауда ұстау қажеттігі атап өтілді.
3-мәселе бойынша: Дене шынықтыру нұсқаушысы тәрбиеленушілердің қозғалыс белсенділігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар туралы баяндады. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таңертеңгілік жаттығулар, дене шынықтыру сабақтары, қимылды ойындар мен таза ауадағы серуендерді ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. Балалардың дене дамуын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы жұмыстардың маңыздылығы айтылды. Қозғалыс белсенділігін арттыру және спорттық-сауықтыру шараларын жүйелі өткізу қажеттігі атап өтілді.
4-мәселе бойынша: Әдіскер А.С. Карибаева жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық бойынша атқарылатын іс-шаралар туралы баяндады. Жаз

мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру шараларын ұйымдастыру, таза ауадағы серуендер мен қимылды ойындарды өткізу мәселелері қарастырылды. Серуен алаңдарын ретке келтіру, ойын жабдықтарының қауіпсіздігін тексеру, құм алаңдарын тазалау, көлеңкелі орындарды дайындау қажеттігі айтылды. Сонымен қатар жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын әзірлеу және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Мектепке дейінгі ұйымда тамақтанудың табиғи нормаларының сақталуы тұрақты бақылауға алынсын.
2. Бекітілген ас мәзірінің орындалуы, азық-түлік өнімдерінің сапасы мен жарамдылық мерзіміне күнделікті бақылау жүргізілсін.
3. Ас блогында санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы қамтамасыз етілсін.
4. Білім беру ортасында санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуы күшейтіліп, топ бөлмелерінде тазалық сақтау, желдету және ылғалды тазалау жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
5. Балалардың денсаулық жағдайына күнделікті бақылау жасалып, жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары жүзеге асырылсын.
6. Тәрбиеленушілердің қозғалыс белсенділігін арттыру мақсатында таңертеңгілік жаттығулар, дене шынықтыру сабақтары және қимылды ойындар жүйелі ұйымдастырылсын.
7. Серуен кезінде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес спорттық және қимылды ойындар өткізіліп, денсаулықтарын нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
8. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілсін.
9. Жазғы серуен алаңдары, ойын жабдықтары мен спорттық құралдардың қауіпсіздігі тексеріліп, балалардың қауіпсіз демалысын ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.
10. Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
11. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші Ж.М. Сапарбаева мен әдіскер А.С. Карибаеваға жүктелсін.

Меңгеруші: _____Ж.М Сапарбаева
Хатшы: _____Ж.К Шортанова

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы № 9

Өткізілген күні: 29 мамыр 2026ж
Қатысқандар: 10

Күн тәртібі:

1. Жазғы кезеңге арналған жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарын бекіту.
2. Жазғы жұмыс режимі жағдайында топтарды кадрлармен қамтамасыз ету және жасақтау.
3. Мектепке дейінгі ұйымдағы қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау.
4. Жазғы сауықтыру кезеңінде білім беру процесіне қатысушылардың барлығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Меңгеруші Ж.М. Сапарбаева жазғы кезеңге арналған жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспары туралы баяндады. Ұйым ғимаратындағы топ бөлмелерін, жатын бөлмелерін, дәліздерді, санитарлық тораптарды және ас блогын жөндеу, сырлау, әктеу, тазалау жұмыстарын жүргізу мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар жиһаздар мен құрал-жабдықтардың жағдайын тексеру, қажетті құрылыс материалдарын дайындау және жөндеу жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтау қажеттігі айтылды.

2-мәселе бойынша: Әдіскер А.С. Карибаева жазғы жұмыс режимі жағдайында топтарды кадрлармен қамтамасыз ету және жасақтау туралы баяндады. Жазғы кезеңде қызметкерлердің еңбек демалысына шығу кестесін ескере отырып, топтарға тәрбиешілер мен тәрбиешілердің көмекшілерін орналастыру, қызметкерлердің жұмыс кестесін үйлестіру мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес топтарды жасақтау, тәрбиеленушілердің саны мен қызметкерлердің жұмыс жүктемесін ескеру қажеттігі атап өтілді.

3-мәселе бойынша: Меңгеруші Ж.М. Сапарбаева мектепке дейінгі ұйымдағы қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау туралы баяндады. Ұйым аумағының, ойын алаңдарының, топ бөлмелеріндегі жиһаздар мен жабдықтардың қауіпсіздік жағдайы қарастырылды. Электр құралдарын пайдалану, өрт қауіпсіздігі, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қызметкерлердің қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтауы мәселелері талқыланды. Қауіпсіздік талаптарының орындалуына тұрақты бақылау жүргізу қажеттігі айтылды.

4-мәселе бойынша: Әдіскер А.С. Карибаева жазғы сауықтыру кезеңінде білім беру процесіне қатысушылардың барлығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар туралы баяндады. Жаз мезгілінде балалардың таза ауада серуендеуін ұйымдастыру, күннің ыстық уақытында күн сәулесінен қорғану, ауызсу режимін сақтау, ойын алаңдарындағы қауіпсіздікті

қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар балалардың жарақаттануының алдын алу, су айдындары мен жол-көлік оқиғаларына байланысты қауіпсіздік ережелерін түсіндіру, қызметкерлер мен ата-аналар арасында профилактикалық жұмыстар жүргізу қажеттігі атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жазғы кезеңге арналған жөндеу жұмыстарының жоспары бекітілсін.
2. Ұйым ғимаратындағы топ бөлмелері, жатын бөлмелері, дәліздер, санитарлық тораптар және ас блогында қажетті жөндеу жұмыстары жүргізілсін.
3. Жөндеу жұмыстарының сапалы әрі белгіленген мерзімде орындалуы меңгеруші бақылауына алынсын.
4. Жазғы жұмыс режиміне сәйкес топтарды кадрлармен қамтамасыз ету және жасақтау жұмыстары ұйымдастырылсын.
5. Қызметкерлердің еңбек демалысы кестесі ескеріліп, жұмыс кестесі тиімді үйлестірілсін.
6. Топтарды жасақтау барысында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері мен саны ескерілсін.
7. Мектепке дейінгі ұйым аумағында, топ бөлмелерінде және ойын алаңдарында қауіпсіздік талаптарының сақталуы тұрақты бақылауға алынсын.
8. Өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі және еңбек қауіпсіздігі талаптарының орындалуы қамтамасыз етілсін.
9. Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың, педагогтердің және басқа да қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған қауіпсіздік шаралары жүйелі ұйымдастырылсын.
10. Балалардың күн сәулесінен қорғануы, ауызсу режимін сақтауы және серуен кезіндегі қауіпсіздігі қамтамасыз етілсін.
11. Ата-аналар мен қызметкерлер арасында балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, жарақаттанудың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
12. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші Ж.М. Сапарбаева мен әдіскер А.С. Карибаеваға жүктелсін.

Меңгеруші: _____Ж.М Сапарбаева
Хатшы: _____Ж.К Шортанова